

**"Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 27/3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда қалалық мәслихатының 2015 жылғы 23 маусымдағы № 43/5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 шілдеде № 5052 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 27/3 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4639 тіркелген, 2014 жылдың 23 сәуірінде № 22-23 (1045-1046) "Ақмешіт ақшамы" газетінде, 2014 жылдың 23 сәуірінде № 17 (333) "Ел тілегі" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1-тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды";

1-тармағының 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"тұрғынжайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және қалалық телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына";

1-тармағының 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге";

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық мәслихатының  
кезекті XXXXIII  
сессиясының төрайымы  
А. ЕРЕЖЕЕВА

Қызылорда қалалық  
мәслихатының хатшысы  
И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК